

ауысымда оқытылады. Қазіргі таңда 1 – 4 сынып аралығында оқушы білім алуда. Занды тұлғаның қайта аталуына байланысты 2021 жылдың 14 қаңтар БСН 030240008295

. Занды тұлғаның атауы: Қарағанды облысы білім басқармасының Шет ауданы білім бөлімінің «Шопа бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Мектепте ұлдарға, қыз балаларға арналған ішкі дәретханалар жылы сумен (титан арқылы жылытылады) қамтамасыз етілген.

Мектептің сынып бөлмелері, оқу кабинеттері қазіргі заманға сай құрал-жабдықтармен жабдықталған. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылы 4 бейнебақылау камералары орнатылды. Оның 2 бейнебақылау камерасы сыртқы мектеп ауласын бақылап тұраса, 2 бейнебақылау камерасы ішкі мектеп дәліздерін бақылап отырады. Мектептің материалдық-техникалық базасы қанағаттанарлық. Мектептің ішкі, сыртқы санитарлық жағдайы, мектеп ауласының көгалдандырылуы талапқа сай. Мектеп ғимаратының іші-сырты, сынып бөлмелері санитарлық талапқа сәйкес жабдықталған. Мектеп мұғалімдері, оқушылар және техникалық қызметкерлер техника және өрт қауіпсіздік ережелерімен толық таныстырылған.

**5.1 Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, лекциялық аудиториялар, практикалық дәрістерге арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пункттері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар), білім беру ұйымының үйжайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы):** Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі

материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер: жоқ. Сыныптар оқушылардың бойына сай жиһазбен, қажетті жарықтандырумен, сантехникалық жабдықтармен, стендтер, шкафтармен жабдықталған, су ішу режимі ұйымдастырылған. Әр кабинетте мұғалімнің проектр қосылған компьютері бар, электронды журнал жүргізілуде. Мектеп интернетке қосылған. «Дара Холдинг» ЖШС-мен 40Мбит / с жылдамдықпен интернет Wi-Fi жеткізу қызметін ұсыну туралы келісім жасалды. Мектептің кіреберісінде тәулік бойы қызмет көрсететін күзетшілер бар.

Мектеп ғимаратының өрт сигнализациясында түтін мен жылу детекторлары қолданылады. Барлық өрт сөндіру құралдарымен жабдықталған. Апатты жағдайда ғимараттан эвакуациялау жоспары әзірленді. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттерімен; Wi-Fi желісіне қосылған компьютерлік сыныппен жабдықталған. Барлық оқу кабинеттері саны – 3.

#### №1,2 дәрісхана-бастауыш сынып

#### №3- информатика дәрісханасы

Бастауыш сыныптарға 2 дәрісхана бар, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтармен жабдықталған;

Домендік атауы: [shet-shopa.edu.kz](http://shet-shopa.edu.kz)

**Жеке пайдалануға арналған шкафтар саны : 20 дана.**

